

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУ-ДАМАЙЛАР СОТЫ

2022 жылғы 1 наурыз
CASE No: AIFC-C/SCC/2021/014

“ҚОСТАНАЙ МИНЕРАЛДАРЫ” АҚ (ҚАЗАҚСТАН)

Талап қоюшы

“ДНЕПРОВСКАЯ ВОЛНА” ЗАУЫТЫ” ЖШҚ-ға (УКРАИНА)

қарсы

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер QC

БҰЙРЫҚ

1. Талап шешілді.
2. Жауапкер Талап қоюшыға осы Бұйрық шығарылған сәттен бастап 7 күннің ішінде 133 875 АҚШ долларын төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. Осы талап осы іс қараудың тараптары арасындағы «04/01 Шарт» («Шарт») деп аталатын 2018 жылғы 4 қаңтардағы келісімнен туындады, оған сәйкес Талап қоюшы Жауапкерге құны 573 750 АҚШ долларын құрайтын белгілі бір химиялық тауарларды жеткізіп беруге міндеттенген.
2. 2018 жылғы 12 ақпанда тараптар Жауапкерге қосымша химиялық тауарлар жеткізіп беруді кездейтіндей түрде Шартты өзгертетін қосымша келісім жасасты. Жауапкер төлейтін жалпы баға 1 644 750 АҚШ долларына дейін көтерілді.
3. Шарттың 3.1 тармағымен тауарды жеткізіп беру толық көлемінде, сонымен қатар Шарт талаптары толық орындалғанға дейін ішінара жүргізілуі мүмкін екендігі көзделген. 5.2 тармақпен Талап қоюшының тауарға шот-фактураны әрбір жеткізіліп берілген партия үшін ұсынуы талап етіледі. 5.3-тармақта Жауапкердің тауар жөнелтілген күннен бастап 90 күн ішінде төлем жасауы көзделген.
4. Шарттың негізінде 2018 ж. 26 ақпаннан бастап 2019 ж. 19 сәуір бойынша аралықта Талап қоюшы Жауапкерге 541 875 АҚШ доллары сомасының химиялық тауарларын жеткізіп берген.
5. 2018 және 2019 жылдар ішінде тараптар Шартқа Жауапкердің төлемді кейін қалдыруы көзделген тағы бірнеше өзгерістерді келіскен.
6. Жауапкер Талап қоюшыға 2019 жылғы 20 мамырдан бастап 100 000 АҚШ доллары сомасында ішінара төлем жасаған. Алайда, одан әрі қарайғы төлемдер жасалмаған.
7. Сондықтан Талап қоюшы Украинаның Запорожье облысының Шаруашылық сотында Жауапкерге қарсы іс қозғады. 2020 жылғы 1 маусымда бұл сот Жауапкерді Талап қоюшыға 308 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы төлеуге міндеттеді. Бұл сома тиісті түрде төленген.
8. 2021 жылғы қарашада АХҚО Халықаралық төрелік орталығында тараптар арасында медиация өтті. Бұл медиацияның нәтижесі тараптардың арасындағы 2021 жылғы 15 қарашадағы келісім («Медиативтік келісім») болды, оған сәйкес Жауапкер Талап қоюшыға Шарт бойынша тиесілі 133 875 АҚШ доллары мөлшеріндегі қалған соманы 2021 жылғы 22 қарашадан кешіктірмей төлеуге келісті. Медиативтік келісімде екі тараптың да өкілдері медиация кезінде болғаны және олардың Медиативтік келісімнің шарттарын оқып шыққаны және түсінгені жазылған.
9. Медиативтік келісімнің 7-тармағында бұл келісімге қатысты кез келген дау АХҚО сотының айрықша юрисдикциясына жататыны көзделген. 7.1 тармақта қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының материалдық құқығы болып табылатыны көрсетілген.

10. Талап қоюшы 2021 жылғы 27 желтоқсанда Жауапкер Медиативтік келісімді бұзып, оған 133 875 АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы төлемегенін айтып және міндеттемелерді орындауға Соттың Жауапкерді міндеттеуін сұрап, АХҚО Сотына Талап арыз бен ілеспе құжаттар берді. Пайыздарды төлеу туралы талап мәлімделген жоқ.
 11. Талап АХҚО Ұсақ даулар сотының («ҰДС») юрисдикциясына жатады, өйткені оның құны АХҚО Соты Қағидаларының 28.2(1) Қағидасында көрсетілген шектен төмен.
 12. АХҚО Соты Қағидаларының 28.2(1) Қағидасында мыналар көзделген:
 - «Жауапкер оған Ұсақ дау шеңберінде Талап арыз табысталғаннан кейін 14 күннің ішінде:
 - (1) 10-бөлімге сәйкес талап қоюшыға талапты мойындауды беріп және табыстап, талапты мойындауы тиіс;
 - (2) Мыналарды:
 - (a) талаптың қандай бөліктері мойындалғанын;
 - (b) қандай бөліктері мойындалмағанын және тиісті негіздемелерді; сонымен қатар
 - (c) кез келген қарсы талаптың нақтылықтарын көрсетіп ұсақ дау бойынша Наразылық беруі; немесе
 - (3) 6-бөлімге сәйкес ҰДС юрисдикциясын даулау туралы өтініш беруі тиіс;және табыстау үшін әрбір жағдайда электрондық поштасының мекенжайын беруі және өзінің тұратын мекенжайын көрсетуі тиіс. Егер Жауапкер жеке тұлға болып табылмаса, ол өзінің қызметін жүргізіп отырған мекенжайын көрсетуі тиіс».
13. Қазақстанда 2022 жылғы қаңтарда орын алған тәртіпсіздіктерді ескере отырып, Сот Жауапкерге 28.12 Қағиданы орындау мерзімін 2022 жылғы 15 ақпанға дейін ұзартты.
14. Бұл күн өтіп кетті, ал Жауапкер 28.12 Қағидада айтылған қадамдардың бірде-бірін қабылдаған жоқ. Ол наразылық беруге ниетті еместігін Сотқа хабарлады. Ол жуырда орын алған Қазақстандағы немесе Украинадағы оқиғалар оның талапты қарауы үшін әділ мүмкіндігі болуына және оған Сотпен қарастырылған ұзартылған мерзімдерде жауап беруіне ерік бермегенін айтқан жоқ.

Анықтама

15. Сот Талап қоюшы берген материалдардың негізінде талапты қарауға кірісті және мыналарға көз жеткізді:
 - 1) Медиативтік келісім бойынша Жауапкер 2021 жылғы 22 қарашаға дейін Талап қоюшыға 133 875 АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс болған;
 - 2) Жауапкер мұны істеген жоқ және бұл сома төленбеген болып қалып отыр; және
 - 3) Талап қоюшы сілтеме жасап отырған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелерімен (272, 273, 438 және/немесе 469 баптар) бұл сома төлеуге жатады.
16. Сонымен, Талап арызы шешілді. Сот Талап қоюшыға 133 875 АҚШ долларын төлеуді Жауапкерге бұйырады. Осы уақытқа дейін төлемдердің кешіктірілуі оқиғаларын және Жауапкердің бұл іске қатысқысы келмейтінін ескере отырып, Сот бұл соманың 7 күн ішінде төленуін талап етеді.

